



ТУРАН-КАЗАЛЫ

№97
(2268)
Сәрсенбі
4 желтоқсан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИТАЛИЯДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр өңірінің делегациясы Италияға жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының, құрылыс компанияларының басшылары, кәсіпкерлер бар.

Сапардың негізгі мақсаты – аймақтың агроөнеркәсіп, құрылыс, қызмет көрсетусалаларына инвестиция тарту. Жұмыс сапары аясында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан Республикасының Италиядағы, Мальта және Сан-Марино Республикаларындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ерболат Сембаевпен кездесті. Басқосуда Қызылорда облысы мен Италия арасындағы ынтымақтастыққа бағытталған жұмыстар талқыланды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы отандық және шетелдік инвестицияны тартып, халықтың әл-ауқатын арттыруды тапсырғаны белгілі. Қызылорда облысы мен Италия арасындағы ынтымақтастық орнату мүмкіндіктерін талқылауға ие болғанымыз үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Италия – Қазақстанның Еуропадағы ірі серіктестерінің бірі және біздің облысымыз итальяндық компаниялармен өзара тиімді байланыстарды одан әрі дамытуға мүдделі. Осы елдің ауыл шаруашылығы өнімдерін, машина жасау, баламалы энергия көздері салаларындағы мол тәжірибесі аса құнды. Біз осы тәжірибені игеруге қызығушылық танытудамыз. Іс-сапарымыз өзіңіздің қолдауыңызбен нәтижелі болады деп сенемін», – деді Н.Нәлібаев.

Кездесуде Ерболат Сембаев өндірісті дамыту ел экономикасының маңызды бағыты екенін атап өтіп, екі ел арасындағы байланысты күшейтуде тиісті жұмыстар жалғасатынын жеткізді.

А й т а кетейік, өңірдегі мұнай қорының сарқылуы салдарынан 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісінің көлемі соңғы бір жылда оң динамикаға шықты.

Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасты. Сыр өңірі өңдеу өнеркәсібіндегі өсу қарқыны бойынша 2022 жылы республикада 11-орында болса, өткен жылдан бері алдыңғы қатарда.

Инвесторларға қолайлы жағдай жасау, инвестициялық тартымдылықты арттыруда ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Кейінгі 3 жылда облыста құны 30 млрд. теңгені құрайтын 35 инвестициялық жоба іске қосылды. Жуырда 16 млрд 600 млн теңгенің инвестициялық жобасы жүзеге асырылды. Инвестор 215 млрд. теңгеге жаңа жобаның құрылысын жүргізуде. Жалпы құны 28 млрд. теңгені құрайтын «жасыл» энергия саласын дамыту бағытындағы екі жоба бар. Атап айтқанда, 50 мегаваттық жел-электр («Уранус Уинд» ЖШС) және 40 мегаваттық күн-электр станцияларының («Тесис» ЖШС) құрылысы қазан айында басталды.

Сондай-ақ, былтырғы Оңтүстік Корея сапарының нәтижесінде биыл Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Қазақстандағы алғашқы жасанды интеллект институты ашылды.

Айта кетейік, аймақ басшысы сапар барысында өндіріс, ауыл шаруашылығы, денсаулық, құрылыс салаларына инвестиция тарту мақсатында «Confindustria», «SGMGroup», тағы басқа ірі компаниялардың басшыларымен кездеседі.

Делегация әрі қарай Испанияның Барселона қаласында да осы бағыттағы кездесулер өткізеді деп жоспарланған.

**Қызылорда облысы
әкімінің
баспасөз қызметі**

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысының күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Комиссия отырысына аудандық мәслихаттың депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары, аудан әкімдігіне қарасты дербес бөлім басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері, ауылдық мәдениет үйлері мен клуб меңгерушілері, құрылысшы мердігер мекемелердің басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті және ауылдық округтердегі мәдениет үйлері жанындағы үйірмелердің жұмысы туралы» аудан әкімінің орынбасары Болат Жолтаев хабарлама жасады.

Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш ауылдық мәдениет үйлері мен клубтар жанындағы үйірмелердің жұмысын жандандыру, «Арт спорт», «Адал адам» жобасы бойынша жұмыстарды жақсарту, мәдени шараларға бөлінген қаржыларды өз мақсатында игеру, ауылдық мәдениет үйлері мен клубтардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаржы қарастыру, қалалық мәдениет үйіне хореограф штатын бөлу туралы ұсыныстарын айтты.

Аудандық мәслихаттың депутаты Эльмира Нұрмағанбетова «Арт спорт» үйірмелерінің жұмысын тоқсан сайын бір рет зерделеу, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бөлінген қаржылардың мақсатты игерілуін қадағалау, Мемлекет басшысының Жолдауында 2025 жыл «жұмысшылар жылы» деп жариялауына байланысты келер жылы ауданымыздағы қарапайым жұмысшыларға түрлі қолдау көрсету шараларын ұйымдастыру жөнінде өңгімеледі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Қазалы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің атқарған жұмыстары және алдағы жоспарлары туралы» аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаевтың хабарламасы тыңдалды. Сондай-ақ, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес ауданымызда соңғы жиырма жылда салынған елеуметтік нысандар құрылысының сапасын зерделеу, қадағалау жұмыстарын жүргізіп, кемшіліктерді қалпына келтіруді жауапты мердігер мекемелерден талап ету, Қазалы қаласы мен Әйтеке би кенті аралығындағы төрт жолақты жолды жарықтандыру, республикалық, облыстық бюджеттен өтпелі құрылыс жобаларының қаржысы бөлінуін бақылауда ұстау қажеттігін айтты.

Комиссиялардың бірлескен отырысында депутаттардың ұсыныс-пікірлерінің негізінде қаулы жобасы қабылданды.

●Баспасөз - 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

ЕСІРТКІДЕН АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

Қазалы ауданаралық көпбейінді орталық ауруханасының ұжымы есірткі психоактивті заттарды қолданатын азаматтарды анықтап, есепке алу, емдеу және оңалту жұмыстарын белгіленген жоспарға сәйкес атқарып келеді. Атап айтсақ, есірткі ең алдымен адамның жүйке жүйесіне, сондай-ақ бүкіл ағзасына ерекше әсер етеді. Дозаны қайталап қабылдағанда қысқа мерзімде ағзаның созылмалы улануының ауыр медициналық салдары дамиды. Ішкі органдар, жүйке жүйесі, адамның миы зақымданады. Әртүрлі психикалық бұзылулар пайда болады. Адамның жұмысқа деген қабілеті нашарлайды. Біртіндеп мүгедекке ұшырауы мүмкін. Ауыр аурулар асқынады. Сонымен қатар артық дозаланған пайдаланушы масаң күйде жазатайым оқыс оқиғаларға ұшырауы мүмкін. Талма ұстамасы кезінде өзін-өзі өлтіруге дейін барады.

Науқастар лас шприцтерді қолданған кезде қан жұқтырудан, қан тамырларының тромбозынан, ал соңғы жылдары ЖҚТБ-ден, В және С вирусты гепатиттерден көз жұмады. Нашакорлар физикалық ғана емес, рухани жағынан да бұзылады. Психикалық бұзылулар, тән-жан күйзелісі, қараңғылық, суықтық, мазасыздану, эмоциялық қарым қатынас, бойында өзімшілдік орын алады. Ауру кезінде энергетикалық және еріктік тонус күрт төмендейді, есірткіге тәуелді болады. Есірткі жүйке жүйесін (оның ішінде ми), иммундық жүйе, бауыр, жүрек, бүйрек және басқа ағзаларды зақымдайды.

Созылмалы бронхит, иммунитеттің бұзылуы, миокардит, жүрек аритмиясы, бауырдың улануы, мидың ауыр зақымдануы, «ми-бауыр-жүрек», тұрақты және ұзақ ұйқысыздық, бас миының спецификалық зақымдануы, галлюцинация, жүрек қан-тамыр жүйесінің зақымдануы орын алады.

Есірткі ерлер мен әйелдердің репродуктивті жүйесінің жай күйіне, адамның жыныстық қатынасына, кейіннен оның балаларына да әсер етеді. Ақыр соңында есірткі

қолдану адамдардың отбасының бұзылуына себеп болады. Сонымен қатар әйелдерді жыныстық емдеу, жүйке және гормоналды бұзылыстар, гипоталамус пен гипофиз арасындағы күрделі үйлесім бұзылады. Сондай-ақ есірткі ұрықтың қалыптасуына өте күшті теріс әсер етеді. Нашакор ата-аналардың балалары әр түрлі ақыл ой және физикалық ауытқулармен дүниеге келеді. Сонымен қатар ата-аналардың есірткі қолдануы олардың балдарының денсаулығына зиянды әсер етеді. Есірткіні қолданатын аналар балаларын емізе алмайды. Нашакор ата-аналардың балалары нашар дамиды. Ақыл-ой және дене дамуында кемшіліктер орын алады.

Ауданымызда нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес бағытында салааралық байланыс орнатылған. Атап айтқанда аудандық ішкі істер бөлімі, жастар, денсаулық орталығы, аудандық қоғамдық даму бөлімі, аудандық білім бөлімі және аудандық аурухана ұжымдары бірігіп жұмыстар атқаруда. Аудандық орталық ем-ханада 0,5 штат бірлігінде дәрігер нарколог жұмыс істейді. Жыл басынан бері ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен бірлесіп тексеру барысында 7 азаматтың есірткі пайдаланғаны анықталып, есепке алынды. Ол азаматтармен жеке есірткіге қарсы ағарту шаралары, яғни түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, психологтың кеңесіне жолданды. Бұл азаматтардың барлығы ересек адамдар, жасөспірімдер жоқ. Анықталған азаматтар дәрігерлік бақылауға алынып, ай сайын алгоритмге сәйкес тексеріліп тұр.

2024 жылдың 9 айының қортындысы бойынша нарколог дәрігерде 27 науқас есепте тұрады. Аталған мерзімде жасөспірімдермен балалар арасында нашакорлыққа шалдыққан науқастар тіркелмеген. Ата-аналар тарапынан балаларды тексеруге өтініш түспеген.

Жас жеткіншектер мен жасөспірімдер арасында жүйке жүйесіне зиянды кері әсер ететін заттарды пайдаланудың

бастапқы алдын алу іс-шараларын жүзеге асыруда наркобекет қызметінің маңызы зор. ҚР білім және ғылым министрлігінің 14.03.2017 жылғы №119, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 21.03.2008 жылғы №150 бірлескен бұйрығына сәйкес, ауданымызда білім беру орындарында (мектеп, колледждер) 36 наркобекет құрылған. Нарколог дәрігер, психологтар және салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкерлерімен бірлесіп, тығыз байланыста жұмыс атқарылуда. Жалпы наркобекет жұмысына жауапты білім беру мекемелері, ал наркологтар тек кеңес беруі қажет. Мақсат мектептегі оқушылар арасында нашакорлықты болдырмау, алдын алу, оған жол бермеу және наркобекет арқылы салауатты өмір салтын насихаттап, есірткіге қарсы күресуді пәрменді жүргізу.

Қазалы аудандық жастар денсаулығы құрылымдық бөлімшесі мамандарымен бірлесіп жасөспірімдер мен балалар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, нашакорлыққа байланысты құқықтық сауатын арттыру мақсатында оқу орындарында жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізіліп келеді. 2024 жылдың ақпан айында Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде «Нашакорлық қауіпті індет, алдын алу міндет» атты тақырыпта акция өткізілді. Оған 62 адам қатысып, 150 ақпараттық танымдық материал таратылды. 2024 жылдың сәуір айында Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінде «Темекі тартқаның, өзіңді құртқаның» тақырыбында акция өткізілді. 2024 жылдың қаңтар айында аудандық оқушылар үйінде «Мен есірткі жайлы айтып берейін» тақырыбында акция өткізілді. Барлығы 84 адам қатысып, 170 ақпараттық-танымдық материал таратылды.

Алдағы уақытта аталған жұмыстар жалғасын табады.

Қадірбек АЛИПОВ,
Қазалы аудандық көп бейінді орталық ауруханасының бас дәрігері

ЕУРОХАТТАМА РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мардымсыз жол көлік оқиғалары болған жағдайда, азаматтар полиция қызметкерлерін шақырмай-ақ және соттың шешімінсіз жеңілдетілген тәртіппен сақтандыру оқиғасын ресімдей алады.

Еурохаттаманың ережесіне сай, егер:

1) Жол көлік оқиғаларына – (ары қарай - ЖКО) екі көлік құралы ғана қатысса;

2) ЖКО-ға қатысушыларда қолданыстағы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру болса;

3) ЖКО нәтижесінде ЖКО қатысушылардың көлік құралдарына ғана шығын келтірілсе (өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген зардап шегушілер болмаса, үшінші тұлғалардың мүлкі бүлінбесе);

4) ЖКО-ға қатысушыларда бір тараптың кінәлі, екіншісінің зардап шегуші болуына қатысты келіспеушілік болмаса;

5) келтірілген шығынның шекті сомасы 100 АЕК-ке дейін – 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 369 мың теңге болса, қолданылады.

Ескеретін маңызды тұсы ЖКО-ға қатысушылардың мобильдік нөмірлері Азаматтардың мобильдік базасында тіркелген болуы тиіс. ЖКО-ға екі қатысушы да «Еурохаттама» қосымшасын жүктеуі және ЖКО бойынша мәліметтерді толтыруы қажет.

Мұрат ОСПАНОВ,
Қазалы аудандық сотының судьясы

МЕНИНГОКОККТЫ ИНФЕКЦИЯ

Менингококкты инфекция - жедел респираторлы бактериалды қоздырғышы ауа-тамшы механизмімен берілетін, мұрын-жұтқыншақ кілегей қабатының зақымдалуымен, жұмсақ ми қабығының қабынуымен, септицемиямен, аурудың симптомсыз түрінен бастап, іріңді менингококкты сепсиске дейінгі клиникалық түрлерімен сипатталатын жұқпалы ауру.

Инфекцияны адам ғана жұқтыра алады. Ауру науқастан немесе бактерия тасымалдаушыдан сау адамға ауа-тамшы жолымен түшкіргенде, жөтелгенде, сөйлегенде беріледі. Аурудың таралуына жақын қарым-қатынаста болу, адамдардың тығыз орналасуы, жоғары ылғалдылық және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталмауы әсер етеді. Ауру көбіне қыс, көктем маусымдарында тіркеледі.

Менингококк инфекциясының жасырын кезеңі 2-10 күнге, көбіне 5-7 күнге созылады.

Менингит ауруы жедел басталады. Сау жүрген адамда кенеттен жан шыдатпайтын қалтырау пайда болып, дене қызуы 39 – 40 градусқа дейін көтеріледі. Ауру жалпы әлсіздікпен, көз алмасының ауырсынуымен, маңдай, самыр, сирегірек шүйде аймақтарының ауырсынуымен сипатталады. Ауру біртіндеп күшейе бастайды. Басының ауырғаны күшейіп, анальгетиктерге басылмайды. Науқастың жағдайы күрт төмендеп, ақыл есі бұзыла бастайды. 10-14 сағаттың ішінде аяқ-қолдарының терісіне жұлдызша тәрізді геморрагиялық бөртпелер шығады. Ауыр түрінде геморрагиялық элемент өте үлкен ортасында некроз болады. Көз склерасында, мұрын жұтқыншақтың кілегей қабатына қан құйылулары байқалады. Мұрыннан, асқазаннан, жатырдан қан кету болады. Науқасты қараған кезде менингит жағдайына тән қалыпта болады: басын

шалқайтып, бүйірінен жатады, аяқтарын тізе және жамбас буындарында бүгіп, бауырына тартып алады. Осы сәтте қалтырау, қолының дірілдеуі күшейеді, көзінің қитарлануы, еріксіз жыпылықтау белгілері болады.

Менингококк инфекциясын емдеу кешенді түрде аурудың ағымын, ауырлық дәрежесін, науқастың жас шамасын және оның ауруханаға түскен уақытын ескере отырып жүргізіледі. Науқасты емдеуде жақсы күтім, күн тәртібі, т. олыққанды тамақтану, симптоматикалық ем үлкен рөл атқарады. Емдеу дер кезінде басталған жағдайда аурудан толығымен айығып кетуге болады.

Аурумен қарым-қатынаста болған адамдар медициналық тексерістен өтеді.

Аурудың алдын алу шаралары:

-Санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтап, менингококк инфекциясы бар науқастарды ерте анықтап, тек аурухана жағдайында емдеу;

-Ұжымдарда, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар ұжымдарында санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтау;

-Бөлмені жиі желдету, ылғалды өңдеу, бактерицидтік шам қолдану;

-Ауруға шалдығу деңгейінің артуы байқалғанда бағытталған санитарлық ағарту жұмыстарын жас балалардың аналарымен, жасөспірімдермен, балалар ұжымдарының күтушілерімен, тәрбиешілерімен өткізу;

-Аурудың мезгілдік көбею кезеңінде балалардың жабық мекен-жайда көп жиналмауын, жалпы гигиеналық ережелерді қатаң сақтауды қадағалау.

Саракүл ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ШИПАГЕРЛІК БАЯН

Ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы (1397-1492жж) «Шипагерлік баян» атты кітабын Жәнібек ханның жарлығы бойынша жетпіс жасында, яғни 1467 жылы жазған. Бұл ғұлама ғалым, шипагер бабамыздың өз басынан өткізген төл тәжірибелерінен тұратын медицина жөніндегі үлкен ғылымнамалық ұлы еңбек. Ғалым шипагерліктің шын мәніне жету үшін оған астрономияны, философияны, психологияны, этнографияны, ұлттық салт-сананы, тарихты тығыз ұштастыра білуінде. Табиғаттың өз заңдылығы бойынша ой өрбітіп, жалпы әлемді бір-бірінен бөліп-жаруға келмейтін біртұтас дене ретінде қарауында. Әрі ол түйіннің өзара сәтті сәйкестірілімі мен әр қойылыстың нанымдылығы да кісіні тәнті етеді. Тілдік қорға да ерекше бай. Кітап оқырманнан аса жоғары сауаттылықты, байыптылықты, қажырлықты талап етеді. Ғұламаның өз сөзімен, айтқанда: «Қадірін біліп ұстана білгенге-сөнбейтін шырақ», ал қадірін білмеске-отбасы аяқпен тозатын тулақ».

«Ат жалын тартып міне сала-ақ, сырқат біткенге шипа ем дарымын тауып, науқасты жазсам деген жүрегіме ұялаған арман жетегімен ізде-ізде кезбе жер (кезбеген жерім жоқ) қол ыласы дәулетке, ылас нәлі сәулетке қызықпадым» (қолжазба 17-бет). Әкем жеті мен қырық бір шөптің басын шарт етуші еді. Алдымен өзім ішіп, өзім жеп шипа ем дарым зәруаттарынан талай уландым. Әкем айтқандай олпы-солпы жадағай емес, не қилы кереметтердің барлығын аяндадым.

Ғалымның Шипагерлік баянынан шипалық қасиеті бар емдік дәрілер шұбыртқысының өзі 1384 түрден асатынын көргенде (оның 70 түрі металл-металлоид, 859 түрлі өсімдік, 455 түрлі жан-жануар) емдік қасиетін қойып атын біліп, санын түгелдеудің қиынға соғатыны және бұл дүниелердің ішінде не қилы кереметтердің бар екеніне ешкім шүбә келтіре алмаса керек. Шынына келгенде, өз алдына толық медициналық ғылыми жүйесі, өз алдына ғылыми атауы, өз алдына бір төбе дәрі тану ғылымы бар, қазақ шипагерлік білімінің үш шыңы, алты белесі деп аталатын медицина салаларының баршасын қамтиды. Мәселен, қарауызген шипагер адамнан шығатын тердің өзін «тер қасқаңғы, тер бастаңғы, тер саспалы, тер қашпалы, тер тастаңғы, тер жасқаңғы, тер астарлы, тер жасқарлы, тер майланғы» деп тоғыз түрге бөлген екен. (қолжазба 3559-бет)

Ғалым адамның өзін қарама-қарсылықтың бірлігі, ескі мен жаңаның алмасуы деп біледі. Тіршілікті бұлайша материалистік жолмен түсіндіруі ғылым дүниесінде 1870 жылғы Энгельстің «Анти-Дюрингінен» белгілі. Бізді таңдандырған нәрсе: Қарауызген шипагер мұны одан 400 жыл бұрын қолданған. Енді бірі-шешек вакцинасы. «Шешек ел басына торғай қаққан тарыдай қырғын салған бір жылы» ел қамы үшін күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылған шипагер жар құлағы жастыққа тимей, тәжірибе жасап жүріп, ақыры шешек суын табады. Табу жолы аса қарапайым: «Баланың шешек іріңін алып тананың шап терісін тіліп, қан

шыққан соң жағады. Бір жұмадан соң, жұдырықтай болып томпады. Томпақты жарып, қамсек құрай қуысымен бүйрек қабына құйып, күн тимейтін салқын орынға қойып, ағашты қаламдай үшкірлеп, шешек баланың білегіне жағып, жаққан жерді инемен сызып қойса болғаны», - дейді (қолжазба 707 - бет)

Қазіргі медицинада бұл ғылымның атасы ағылшын шипагері Эдуард Женнер дейді. Ол 1796 жылы тұңғыш рет шешекке қарсы вакцина егіп, шешек бір шыққан адамға шықпайтынын дәлелдеді дейді. Бізді таңдандырған нәрсе: қарауызген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы шешекке қарсы бұл вакцинаны Эдуард Женнерден 350 жыл бұрын тапқан. Бүкіл денесі үсініп, денесінде сулық шыбын жаны қалған жанды «түншықтырма» делінетін емдеу жолымен ада-күде жазу (303-305 бет) шипагердің тағы бір кереметі. Бұл секілді ғалым бабамыздың медицина ғылымына қосқан дүниелері аз емес.

Айталық, жүрек пен мидың қызметі, адам денесіндегі қан айналу жүйесі XVI-ғасырдағы Леоноардо Винчи, В.Гарвейлерден бері ұзақ талас, экспериментті дәлелдеулерден өтіп ережеленген. Ал бұл ережелердің қисындарын (теориясын) біздің бабамыз олардан бір ғасыр бұрын қой, түлкі сойып, тәжірибе жасап жүріп-ақ анықтаған.

Күллі Алаш ұранды қазақ өздерінің және ұрпағының жат ниет, бәт қылыққа тыйым, жеті атадан ілгері қыз алысқандарға тыйым, жұқпалы сырқатты жұқтыратын беттен сүюді жас бозбалалар, қыз-келіншектер арасында болдырмау, науқас пенделер ұсынған асты ішпеу, тазалық сақтау шараларында қамтыған. Егер де бұл талаптар бұзылған жағдайда жазалау шарты қарастырылған. Жеті атаға дейін қыз алысса, қандық уылымға (қан бұзылу) душарласып ұрпақтың жарымжан, кемтар болып қалатынын сол кездің өзінде Жәнібек ханмен ойласып жарлық шығартқан. «Жеті атасын білмеген жетесіздің белгісі, жөн сұрамаған жөрелгісіз» деген мақал осыдан қалса керек.

Адам баласы 25 жасқа дейін толысып өседі. Жасы ұлғайған сайын алғашқы тұрғылы несібе өсуден тоқтап, жетілісі баяулай береді де, қартаю сездіргісін бастан кешіркес. Алалық, тіс түсу, шашқа ақ кіру, сақал-мұртты қырау шалу тақылеттілер. Сондықтан, бұрынғылар; «Кәрілік ажарлы кезіңді алады, бұған өкпелесең егесіп тісің менен сөзіңді алады; ашуланып ыза болсаң, беліңді жаздырмай екі аяғыңа кісен салады; мұны місе тұтпасаң, ерегессең, көрерің мынау деп өзінді алады», - деп кешірімелік аялық түйіндеулік қалдырған.

Адам пендесінің терлеуі мен оның құрғап кетуі тоғалықты болмақ. Әрбір жанның осындай бірде қызынып терлеп, бірде мұздап суынуының салдарынан тоғалық теңдеулік теңгермелеуінде ауытқулық, қалыпсыздық туылса, сырқаттандырып науқас атандырмақ. Байқамай не білмегендіктен ағыл-тегіл, сүмек болып шыққан терін сүртініп,

желпініп жүргенде күн суық, жел өткін болғанда тері қатады.

Шипа ем дарым зәруаты (дәрі) сыпат мәннелі-ыстықтық: дарулық дарымдылығы терлетімділік болмақ: Әр сырқат мәннелілігінің дәлелімдік сыпаты (диагноз) болады. Мысалы, шиенің жаны-тамырында. Өсерлік қайнар тамыры топырақтан нілді (нәр) әужал алып, өсуді алла тегіне жазған. Шие құрама тамырлы өмкін емес, ұйықтама тамырлы өскін болғандықтан, әр жылы қыста ұйықтап, жазда оянып өсе береді. Бұл пенденің қарықтауда (түн) ұйықтап, жарықтауда (күндіз) оянып қарекет істегені тақылетті. Шие өскінін тамырымен қосып қазып алып, көлеңкеге кептіріп тастаса, өсуі мәңгі тоқтайды. Бұл пенденің өлгені тақылетті. Тамырымен алынған шиені кептіруге енді ғана қоярда, біреу алып жерге көме қойса, өніп шыға бермек. Бұл сырқаттық науқастан пендені айықтырған тақылетті істен аумады. Шие өскінін қурағанда көмсең, бәрібір өнбей солып, қураған күйі қалады. Бұл уақыты өткен соң науқас сырқатын дарымданғанмен (емдегенмен) де дарымдаулық қонағаны тақылетті.

Адам науқастана сала шипа ем дарым зәруатын дарымдап, тура дарымдалғы (емі) тапса, науқас жазылады. Алланың әмірімен қарықтаулық (түн) жарықтаулыққа (күндіз) ауысымдылық таппақ. Жарықтау қарықтауға орын бермек. Көктем жазға өзіндік жасамас, жаз күзге сый-сыбаға ұсынбақ. Күз қысқы қыспақтан сақтауға атсалысып, жарылқаушы болмақ. Уағы болғанда қыс көктемнің орнын өгейсітпейді. Міне, бұл мезгілдік, ұйқаштық (тәулік) алмасым. Алмасымның алтылық уақ мезгіл түрі бар. Ерте көктем – жер құрттаған кез. Шоғырлы жұғымтал, түйілмелі сырқаттардың өте тез, көп таралмақ шағы. Көктемде қан су тасқынымен қоса тасиды. Олайы көкпен бірге пенденің қаны да көктеп көбеймек, жаңаланбақ. Сондықтан қандық қарақоқырды алып тастамақ парыз. Әгәр олай істелмесе, қанда бұзылыс болмақ.

Артық-ауыс кеткен жаңа қанның орнын көктемгі уыз бен шыны сүрі толықтырмағы шарт. Уыз бен сүрі болмаса да, жер алшындағанда, қан да алшындап толысады. Қан алудан қанды сарсу мен аздап арам қан шығады да қандық қарақоқырлық уыт азаймақ шарты.

Күз бен көктемде тыныстық райлар құбылмалы, сондықтан «сақтансаң сақтаймын» деген. Күн жылы деп алданбау керек. Күн тұлғалық қанның толық жетілген, тойынып, шелденген кезі болғандықтан, жеміс-жидекті көп жеп қанды кепкіндермен сұйылтып, жүрінділігін тықсырғалап, қанды баптамақ шарт. Атқа көп міну, қымызды көп ішумен қыздырмалық пысқан баптыларды теңшемелеу шарт. Бұл қан түземек.

Ауру астан демекші, пенде кейде аш, кейде тоқ жүреді. Ішіп жеу тым артық болса, макро болмақ, кем болып жетіспей қалмаса, жоқ болып ашықпаса ғана болғаны сіңімді бойға қонымды болмақ.

Науқастың сырқатын толық нақтап, тұжырымдап көз жеткізу үшін, ең аз болса шай қайнатым,

әйтпесе одан артық, ерекше алыстан шаршап келгендерді ет асымнан артық тостырып, тыныстатып, әбден демін алғасын тамырын ұстамдаулық керек. Тамыр ұстамдауда шипагердің дәреті болмағы, құсарман боп тоя тамақ жемеуі, қымыз, шұбат, ашымал, шарап, жыңды судан, есірткіден қанғанынша ішпеген болуы, төтенше шаршаған болмауы, ерекше ашыққан болмауы, түртпектері, қолы жұмсақ болмағы, жылы болмағы, мүйізгексіз, тырнағы алынған, көп жүріп демікпеген, зорланып еңтікпеген, көңілі көтеріңкі, құлқы мұлайым, мінезі жайсаң, науқасқа жанашырлығы айқын білініп тұрмағы, сырқаттанбаған, бітістілігі мінсіз болмағы шарт. Жанашырлықтың жөні осы деп, тыныстаттырмай аңғарымдап лағып кетпеуі, әжуаға қалмауы шарт. Адамгершілік істеудің де реті, орны, орайы, ораты, қолайлымы бар екендігін ұмытпау шипагерліктік парыздық уәжіп.

«Шипагерлік баянда» өсімдіктерден алынған 728 түрлі, жан-жануарлардан алынған 318 түрлі, металл-металлоидтардан 62 түрлі барлық жиыны 1108 түрлі шипалық қасиеті бар емдік дәрілер шұбыртқысы және адам пендесінің негізінен сыртқы тұлғалық бітіс аталымдарынан 430-ға жуық атау жазылған. Бұдан басқа 1050 түрлі дәрі аты 4917 шипашақ (рецепт) болған екен. Әттең, қолжазба толық табылар болса, жалғыз қазақ даласы емес, дүние бір сілкініп, медицина ғылымы бір жайраң қағар еді.

Ғалым 1470 жылы «Шипагерлік баян» атты кітаптың алғашқы нұсқасын аяқтап, ханға (Жәнібек) тапсырам дегенде жаудың Ордаға жасаған шабуылынан хан қаза тауып, шипагердің өзі әрең қашып құтылады. Қолжазбаның бірсыпырасы өртеніп кетеді. Сол себепті бұл кітапта төрт жарым мыңның үстіндегі шипашақ (рецепт) түгел жоқ.

Туған мекеніне келген шипагер-ғалым өзінің соңғы өмірі жөнінде. «...Тіссіз шопандай жасым қалды... Өткен іс өтті, өлер шақ таялды. Мезгілсіз шақырған шақырауықтай дестір (кітап) таңлай тұрлауы болып, жазылды. Бұл соңғылыққа үлгі болар. Олайы, білімнің тіккеуікпен (ине) құдима (құдық) қазғандай қиын екеніне көзі осыны оқыған соң жетіп те қалар...»

Ой дүние ай!

Іске аспады арманым, қараң қалды,

Шың басына шығарда арандалды.

Өтейбойдақ қойыпты атымды әкем,

Жаман ат, жаман ырым мазамды алды.

Қалмады ұрпақ, Өтейбойдақ аяңдалды,

Мені өшірмес «Шипагерлік баян» қалды, - дейді шипагер.

Бұл қолжазбаның қазіргі қолымызда бары 1095 беттік түпнұсқа, аралығындағы жоқ беттері 3655. Тағы да бір өкінерлік жайт. 1952 жылы алтыншы рет қазіргі тілімізге аударып көшірген көшірмесінде шығармадағы бәйіттерді (дастан) аударуды қиын көріп, аударып көшірмеген. Демек, бұл «Шипагерлік баянның» қолымызға толық жете алмағанын меңзейді.

**Дайындаған:
Серік БӘЙМЕН**

СІБІР ЖАРАСЫ АУРУЫНЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ

Сібір жарасы (түйнеме) – зооноз тобындағы жедел жұқпалы ауру. Ол дене қызуының көтерілуімен, лимфа жүйесінің зақымдалуымен және ағзаның ауыр түрде улануымен сипатталады. Сібір жарасы терілік, өте сирек ішектік, өкпелік және сепсистік формада өтуі мүмкін.

Аурудың қоздырушысы – таяқша пішінді, қозғалмайтын аэробты бактерия. Бұл бактериялар адам мен жануарлардың ағзасынан тыс жерлерде споралар түзуге қабілетті және олар физикалық-химиялық әсерлерге өте төзімділік танытып, қоршаған ортада ондаған жылдарға дейін сақталады.

Сібір жарасын адамға жұқтырушы көзі –үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа) болып табылады. Адамға аурудың жұғу жолы көбінесе жанасу арқылы (малды сою кезінде терісін түсіруде немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суды ішіп-жеуде және ластанған топырақты егістікте қолдануда жұғуы мүмкін.

Сібір жарасының белгілері мен аурудың ағымы-ауру көбінесе тері жамылғысын зақымдайды, сирек түрде ішкі мүшелерді де зақымдауы мүмкін. Инкубация кезеңінің ұзақтығы терілік формада бірнеше сағаттан 14 күнге дейін, сепсистік формада 6-8 күн. Дененің ашық жерлері зақымдалады.

Қоздырғыш енген жерде алдыменен диаметрі 1-2 см, қызыл-көкшіл түсті, ауырмайтын дақ пайда болады. Сол жер қышиды, ашиды. Бірнеше сағаттан кейін дақтың орнында мыстың түсіндей папула пайда болады. 12-24 сағаттан кейін іші серозды, соңынан қанды сұйықтыққа толы везикулаға айналады. Осы везикула жарылғаннан кейін, жиектері көтеріңкі, түбі қоңыр түсті жараға айналады. Осы кезден бастап оны карбункул деп атайды. Жараның айналасы қызарып, ісіп тұрады. 1-2 аптадан кейін карбункулдың ортасы қарайған тығыз, ауырмай-

тын некрозды қабыршаққа айналады. Осы қабыршақ айналасындағы қызарған терінің ортасындағы қарадақ, қызыл шоқтың ортасындағы көмір тәрізді көрінеді. Сондықтан оның аты грек тілінен аударғанда «anthrax – көмір» деген мағынаны білдіреді. Оның айналасында сезімталдық мүлде болмайды.

Лимфа түйіндерінің ұлғаюы болады. 2-3 аптаның соңына қарай қабыршақ түсіп, оның орны тыртықтанады. Карбункулдың ең көп орналасатын жерлері – аяқ-қол, мойын және желке. Жергілікті қабыну процесі кезінде ағзаның жалпы улану белгілері болады. Әлсіздік, шаршағыштық, басының ауыруы, дене қызуы субфебрильдіден, 39-40°C дейін көтеріледі. Үрдістің сепсиске ұласуы қоздырғыштың тынысалу, асқазан ішек жолдары арқылы енген жағдайында дамиды. Терілік формада оның сепсиске ұласуы сирек кездеседі.

Адамда ауру 90-95% дейін терілік формада болады. Терілік форма 80% жағдайда жеңіл түрде, 20% ауыр түрде өтеді. Дер кезінде емделмеген немесе кеш емделген терілік түрде өлім 5% дейін жетеді. Ішектік формада ауру ауыр уланумен, геморрагиялық энтероколитпен көрініс береді, үрдіс аз уақытта сепсиске ұласады. Өкпелік түрінде ауыр геморрагиялық плевроневмония дамиды. Өкпелік-ішектік формаларында өлім 80-100% дейін жетеді.

Аурудың бастапқы кезеңіндегі айтылған белгілер байқалған жағдайда науқас немесе оның жақындары оны міндетті түрде ауруханаға жеткізіп медициналық көмекке жүгіну қажет. Дәрігерге дер кезінде қаралғанда және арнайы емдеу шараларын жүргізгенде дерттен толығымен жазылып кетуге болады.

Сібір жарасының алдын алу шарасы – жыл сайын ауруға қарсы егу жүргізу. Ауруға қарсы вакцина-ны егу үй жануарлары мен ет комбинаттарында, мал

шаруашылығында тұрақты жұмыс істейтіндерге, тері-жүн өңдеуге, тасымалдауға, сақтауға, сұрыптауға, илеуге қатысатын адамдарға егіледі. Адам ағзасында Сібір жарасына төтеп бере алу қасиеті егуден кейінгі 14 күнде пайда болады да, 12 айға жуық сақталады. Егілген тұлғалар жұмысқа 2 аптадан соң ғана жіберіледі және жыл сайын екпе алып отырулары қажет. Екпе жүргізу ең тиімді әдіс болғандықтан, жануарлардың барлығын қамтуға тырысқан жөн. Сонымен қатар осы аурудың жұқтырушы көзі ретінде үй жануарларын да бақылауда ұстау қажет. Бүгінгі күнде егу жұмыстары жануарларды жоспарлы тексеруден өткізу кезінде ветеринарлық мекемелерде тегін жүргізіледі. Үй жануарларының иелері малдарды екпеге қатыстырмау – дерттің кең етек жайюына себепші болып, мұның салдарынан адамдар Сібір жарасына шалдығатынын естерінен шығармаса игі болар еді. Сібір жарасына қарсы вакцина егілгеннен кейін 10 күн ішінде жануар өліп қалса, оның терісін сыдыруға болмайды.

Ауру қоздырғыштары ағзадан тыс жерде тек ауаның әсерінен пайда болатынын ескере отырып, өлген жануардың терісін кесуге болмайды және өлексені аң-құстардың тасуына жол берілмеу керек. Себебі, мұның салдарынан жаңа ошақтар пайда болуы мүмкін. Өлген малды терісімен бірге өртеу немесе қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып арнайы орындар – мал көметін жерлерге өртеу үшін апару қажет. Ауру мал жатқан немесе сойылған орынға басқа жануарларды жіберуге және адамдардың сол жерде жұмыс істеуіне тыйым салынады.

Сондықтан ауыл шаруашылығы жануарларын мал дәрігерінің қатысуынсыз союға тиым салынады. Мал ауырған жағдайда жедел мал дәрігері мамандарына хабарлау қажет.

«Қазалы аудандық ветеринариялық станциясы» КМК

БАЛАҒА ОЙЫНШЫҚ ТАҢДАҒАНДА НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

Қандай да бір затты не тауарды сатып аларда оның сапасы мен құрамына мән беру керек. Ата-ана баласының немен ойнап жүргеніне аса мән аудару керек. Ойыншықтардың қауіпсіздігі –бұл өте маңызды мәселе. Сондықтан ойыншық таңдауда нені ескеру керек?

Ойыншық сатып аларда, ойыншықтың сертификатына мән беру керек, яғни тиісті құжаттарын сұраған жөн болады. Егер сатылымда тұрған ойыншықтың сертификаты болмаса, онда сатып алудан бас тартыңыз. Себебі, бұл ойыншық елге заңсыз түрде әкелінгендігін, және сапаға тексеруден өтпегендігін білдіреді, бұл сіздің балаңызға қауіп төндіруі мүмкін.

Ойыншық таңдау кезінде, иісіне, түріне, бояуына мән беру керек. Оларда өткір иіс, жағымсыз бөтен иістер болмауы керек. Ойыншықтың сыртындағы бояуы уытты, яғни зиянсыз болуы тиіс. Бояудың құрамындағы уытты компоненттердің бояуы жағымсыз, өткір иістердің болуымен білінеді. Сондықтанда ойыншықты аларда оны иіскеп көрген артық болмайды.

Ойыншықтың кішкене бөлігін суға малып, қағаз майлықпен немесе ылғалды майлықпен сүртіп көріңіз. Егер онда бояу іздері қалса-бұл тауардың сапасының төмендігін білдіреді, әрине мұндай тауарды сатып алудың қажеті жоқ.

Ойыншық сатып аларда, сіз гигиена туралы ойлауыңыз қажет. Егер ойыншықты сүртуге немесе жууға болмайтын болса, онда ол таяу уақытта микроб жинайтын затқа айналады.

Бала үшін жауапкершілік ата-анаға жүктелетінін және кейіннен өкініп қалмас үшін, ойыншық сапасына қазірден көңіл бөлген дұрыс. Өздеріңізбен балаларыңызға сақтықпен қарап, сауатты тұтынушы болыңыздар!

А.БЕКТҰРҒАНОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.